

Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына және Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне қуаты 50 000 кВт-тан асатын газ турбиналары бөлшектеріне қатысты өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 8 шілдедегі № 74 шешімі 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 42 және 45-баптарына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы шешті:

1. Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына және Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне (Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 16 шілдедегі № 54 шешіміне қосымша) мынадай өзгерістер енгізілсін:

а) № 1 қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасынан кіші қосалқы позиция алып тасталсын;

б) № 2 қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына кіші қосалқы позициялар қосылсын;

в) № 3 қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу баждарының мөлшерлемелері белгіленсін;

г) Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне ескертпелер мынадай мазмұндағы 34С ескертпемен толықтырылсын:

"34С) Кедендік құнның 0 (нөл) %-ы мөлшеріндегі кедендік әкелу бажы мөлшерлемесі Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 8 шілдедегі № 77 шешімі күшіне енген күннен бастап, қоса алғанда 31.08. 2019 ж. дейінгі аралықта қолданылады."

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң, бірақ 2015 жылғы 2 қыркүйектен кейін күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

В. Христенко

Еуразиялық экономикалық
комиссияның 2015 жылғы
8 шілдедегі № 74 шешіміне
№ 1 ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасынан алып тасталатын кіші қосалқы позиция

	СЭҚ ТН коды	Позиция атауы	Қос. өлш. бірл.
+	8411 99 009 9	----- өзгелері	дана

Еуразиялық экономикалық
комиссияның 2015 жылғы
8 шілдедегі № 74 шешіміне
№ 2 ҚОСЫМША

**Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық
қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына қосылатын
кіші қосалқы позициялар**

СЭҚ ТН коды	Позиция атауы	Қос. өлш. бірл.
	----- өзгелері:*	
8411 99 009 2	----- қуаты 50 000 кВт5)-тан асатын газ турбиналарын әзірлеуге арналған	дана
8411 99 009 8	----- өзгелері	дана

*ЕАЭО СЭҚ ТН 8411 99 009 1 кіші қосалқы позициясынан кейінгі кодсыз кіші
қосалқы позиция.

Еуразиялық экономикалық
комиссияның 2015 жылғы
8 шілдедегі № 74 шешіміне
№ 3 ҚОСЫМША

**Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу баждары
МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРІ**

СЭҚ ТН коды	Позиция атауы	Кедендік әкелу бажы мөлшерлемесі (кедендік құнның пайызымен не еуромен, не АҚШ долларымен)
8411 99 009 2	----- қуаты 50 000 кВт5)-тан асатын газ турбиналарын әзірлеуге арналған	534С)
8411 99 009 8	----- өзгелері	5